

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Финляндия Республикасы Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Заңы 1998 жылғы 10 қараша N 299-І

Алматыда 1996 жылы 7 ақпанда қол қойылған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Финляндия Республикасы Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Финляндия Республикасы Үкіметінің арасындағы әуе қатынасы туралы Келісім

(2005 жылғы 1 маусымда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі, бұдан былай "Келісуші Жақтар" деп аталады, 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қою үшін ашылған халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның қатысушылары ретінде, ескертілген Конвенцияға сәйкес және қосымша ретінде, олардың тиісті аумақтарында және, олардан тысқары жүйеленген әуе қатынасын орнату мақсатында Келісім жасауды қалай о т ы р ы п , төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Айқындамалар

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін, контекстен басқа мән талап етілмеген жағдайда :

а) "Чикаголық Конвенция" атауы 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияны білдіреді және Келісуші Жақтардың екеуімен бекітіліп, 90 және 94-бапқа сәйкес күшіне енген кез келген түзетулерді өзіне қосады; және осы Конвенцияның 90-бабына сәйкес қабылданған кез келген Қосымша немесе кез келген түзетулерді, осындай түзету немесе Қосымша екі Келісуші Жақ үшін осы мезгілде қаншалықты дәрежеде қолданымды болатын болса, соларды білдіреді;

б) "авиациялық билік орындары" атауы - Қазақстан Республикасына қатысты -

Көлік және коммуникациялар министрлігін, ал Финляндия Республикасына қатысты - Азаматтық авиация әкімшілігін" немесе екі жағдайда да көрсетілген органдардың міндетін атқаруға осы кезде өкілеттік алған кез келген тұлғаны немесе органды білдіреді;

с) "тағайындалған авиакәсіпорын" атауы - осы Келісімнің 3-бабына сәйкес тағайындалған және өкілеттенген авиакәсіпорынды білдіреді;

д) "аумақ", "әуе қатынасы", "халықаралық әуе қатынасы", "авиакәсіпорын", және "жүйелі әуе қатынастарының мақсаттарымен аялдама жасау" атауы - Чикаголық Конвенцияның 2 және 96-баптарында берілген мағынаны білдіреді;

е) "тариф" атауы - (поштаны қоспағанда) жолаушыларды, багажды немесе жүкті, осындай тасымалдауларға арналған немесе оған байланысты берілетін кез келген маңызды Қосымша жеңілдіктерді қоса есептегенде аталмыш тасымалдаулар үшін алынатын, сондай-ақ жолаушы тасымалдауда билеттерді сату кезінде немесе жүктерді тасымалдауда тілшілік іс-әрекеттер кезінде төленетін алымдардың бағасын білдіреді. Сонымен бірге бұл атау тасымалға немесе комиссиялық төлемдер үшін бағаның қолданымдылығын анықтайтын жағдайларды қоса білдіреді.

2. Қосымша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Осы Келісімнің барлық сілтемелері басқадай сілтемелер тәртібі анықталғанша Қосымшада ескертілген сілтемелерді қосып алуы тиіс.

3. Осы Келісім баптарының аттары тек сілтемелерді жеңілдету мақсатында ғана берілген.

2-бап

Тасымалдау құқықтарының берілуі

1. Әрбір Келісуші Жак екінші Келісуші Жакқа оның халықаралық әуе қатынастарына қатысты мына құқықтарды береді:

а) оның аумағы арқылы қонбастан ұшып өту құқығын береді;

б) жүйелі әуе қатынастарының мақсатымен оның аумағында қоныс жасау құқығын береді.

2. Келісуші Жақтардың әрқайсысы осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген маршруттар Кестесінде белгіленген маршруттар бойынша халықаралық әуе қатынасын орындау мақсатында екінші Келісуші Жакқа осы Келісімде көрсетілген құқықтарды береді.

Осындай жолдар мен маршруттар бұдан былай "келісілген әуе жолдары" және "белгіленген маршруттар" деп аталады. Келісуші Жақтың әрқайсысымен тағайындалған авиакәсіпорындар белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалану кезінде осы баптың 1 тармағында көрсетілген құқықтарға қосымша: поштаны қоса есептегенде жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдау кезінде

жекелеп немесе әр түрлі үйлесіммен тиеулер және/немесе түсірулер жасау мақсатында екінші Келісуші Жақтың аумағында осы Келісімнің маршруттар Кестесінде көрсетілген қоныстар жасау құқығын пайдаланатын болады.

3. Осы баптың 2 тармағындағының ештемесі бір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорындарының бортына екінші Келісуші Жақтың аумағында осы Келісуші Жақ аумағының басқа пунктіне тасымалданатын жолаушылар мен жүктерді, поштаны қоса есептегенде жалдау немесе төлемақы үшін құқық береді деп қаралмайды.

3-бап

Авиакәсіпорындарды тағайындау мен пайдалануға рұқсат беру

1. Әрбір Келісуші Жақ белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалану үшін, екінші Келісуші Жақты жазбаша түрде хабарландырып, бір немесе бірнеше авиакәсіпорнын тағайындауға құқық алатын болады.

2. Әрбір Келісуші Жақ осындай тағайындауды жоюға немесе өзгертуге құқығы бар.

3. Осындай жазбаша хабарландыру алған екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары осы баптың 4 тармағындағы және 4-баптың 1 тармағындағы қағидаларға сәйкес тағайындалған авиакәсіпорынға пайдалануға тиісті рұқсаттарды ж е д е л т ү р д е б е р е д і .

4. Бір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары екінші Келісуші Жақ тағайындаған авиакәсіпорнынан халықаралық әуе жолдарын пайдалану кезінде Чикаголық Конвенция қағидаларына сай осы авиациялық билік орындармен дағдылы және орынды түрде қолданылып жүрген заңдар мен ережелердің алдын ала белгіленген шарттарын орындай алатын қабілетінің барлығына дәлелдемелер талап ете алады.

5. Осылайша тағайындалған және рұқсат алған авиакәсіпорын, осы Келісімнің қолданымды қағидаларын тарифке қатысты қағидаларды қоса есептегенде орындаған жағдайда келісілген әуе жолдарын пайдалану жұмысын бастау мүмкін.

4-бап

Пайдалануға берілген рұқсаттан бас тарту, жою немесе уақытша тоқтату

1. Әрбір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорнына пайдалануға берілген рұқсатты жоюға немесе осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтарды пайдалануын уақытша тоқтата тұруға, немесе сол құқықтарды пайдалану үстінде қажет болады деген әрқилы шарттардың орындалуын мына жағдайларда талап етуге құқығы бар:

а) авиакәсіпорнын тағайындаған Келісуші Жақтың немесе оның азаматтарының

қолында сол авиакәсіпорнының үстінен айрықша иелік барлығына күмән келтіргендей немесе пәрменді бақылау жүргізе алатындығына сенбегендей барлық жағдайларда;
н е м е с е

б) егер бұл авиакәсіпорын осы құқықтарды беруші Келісуші Жақтың заңдары мен/немесе ережелерін бұзған жағдайда; немесе

с) егер авиакәсіпорын өз қызметтерін қандай болса да бір себептермен осы Келісімде жазылған талаптар арқылы орындамаған жағдайда.

2. Егер осы баптың 1 тармағында көрсетілген рұқсатты жедел түрде жою, уақытша тоқтата тұру немесе шарттардың орындалуын талап ету заңдар және/немесе ережелердің одан әрі де бұзылуына тыйым салу үшін қажетті шара болмаса, онда сол тармақта сөз болған құқық тек қана екінші Келісуші Жақпен кеңесуден кейін барып пайдаланылатын болады. Мұндай кеңесулер кеңес жүргізу туралы сұраным түскен күннен кейінгі 15 күннің ішінде басталуы тиіс.

5-бап

Заңдар мен ережелердің қолданылуы

1. Бір Келісуші Жақтың өз аумағынан Халықаралық әуе қатынасын жүзеге асырушы әуе кемесінің ұшып кетуі мен келуіне немесе пайдаланылуы мен аталмыш аумақтың шеңберінде осындай әуе кемесінің қозғалуына қатысты заңдары мен ережелері Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнымен де қолданылатын болады.

2. Бір Келісуші Жақтың жолаушыларды, экипажды, багажды, жүкті немесе поштаны өз аумағынан әкетуге, әкелуге, келуге, кіруге, көшуге, қоныс аударуға, кедендік іс-әрекеттерге, дәрігерлік көмек пен карантинге қатысты формальдылықтарды реттейтін заңдары мен ережелері екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемесімен тасымалданатын жолаушыларға, экипажға, багажға, жүкке, поштаға аталмыш аумақтың шеңберінде болған кезінде қолданылатын болады.

3. Халықаралық әуе қатынасын жүзеге асырушы екі Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемесінің кез келгеніне бірдей осы бапта ескертілген заңдар мен ережелер қолданылатын болады.

6-бап

Салықтарды, кедендік баж салықтарын және басқа алымдарды төлеуден босату

1. Халықаралық әуе қатынастарын жүзеге асырушы бір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорнының әуе кемесі, сондай-ақ оның табельдік жабдықтары, қосалқы бөлшектері, отын қоры, жанар-жағармай материалдары және осы әуе

кемесінің бортында жатқан борттық қорлары (азық-түлік тағамдарды, сусындарды және темекі бұйымдарды қоса есептегенде) егер екінші Келісуші Жақтың аумағына келу бойына бұл жабдықтар, қосалқы бөлшектер, жанар-жағармай материалдары және борттық қорлар әуе кемесінің бортында қалатын және кері қайтарылатын болса, немесе осы аумақ үстінде ұшу кезінде осы әуе кемесінің бортында пайдаланылатын болса, немесе шығынданатын болса, онда барлық салықтарды, кедендік баж салықтарын, инспекциялық және басқа осы сияқты алымдарды төлеуден босатылатын болады.

2. Көрсетілген қызметтердің құнына негізделген алымдардан басқа, осы баптың 1 тармағында көрсетілген салықтарды, баждарды, жарналар мен алымдарды төлеуден сонымен бірге мыналар да босатылатын болады:

а) бір Келісуші Жақтың аумағында бортқа алынған, екінші Келісуші Жақтың халықаралық әуе қатынастарын жүзеге асырушы шетелге ұшатын тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемесімен орынды түрде қолданылатын борттық қорлары;

б) халықаралық әуе қатынастарын жүзеге асырушы екінші Келісуші Жақтың әуе кемесін жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету үшін бір Келісуші Жақтың аумағына әкелінген қозғалтқышты қоса есептегенде қосалқы бөлшектер;

с) халықаралық әуе қатынастарында екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының пайдалануы үшін бір Келісуші Жақтың аумағында берілетін немесе тиелетін отын, жанар-жағармай және тұтынылатын техникалық қорлар, тіпті бұл қорлар екінші Келісуші Жақтың аумағында бортқа қабылданып, оның аумағы арқылы өтетін маршрут учаскесінде қолданылатын болса да.

3. Осы баптың 2 тармағында көрсетілген материалдар талап етілуіне қарай кедендік билік орындарының қадағалауында немесе бақылауында болып сақталуы мүмкін.

4. Бір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнымен пайдаланылатын әуе кемесінің бортында нормаланған мөлшерде болатын табельдік борт жабдықтары, сондай-ақ материалдары, жанар-жағармай қорлары және қосалқы бөлшектері осы Келісуші Жақтың кедендік билік орындарының рұқсатымен ғана екінші Келісуші Жақтың аумағына түсіріледі. Бұл жағдайда олар кері әкетілгенге дейін немесе кедендік ережелерге сәйкес қолданыс тапқанға дейін аталмыш билік орындарының қадағалауында болып жайластырылуы мүмкін.

5. Бір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының пайдалануы үшін қарастырылған және екінші Келісуші Жақтың аумағына әкелінген ұшулар кестесі, авиабилеттер мен көліктік накладнойлар сияқты авиакәсіпорнына қажетті құжаттары екінші елдің аумағында салықтардан, кедендік баж салықтарынан, инспекциялық және басқа осы сияқты алымдардан босатылады.

7-бап

Тікелей транзитті тасымалдаулар

1. Күш көрсету актілеріне, әуе қарақшыларына және есірткі құралдарын алып өту контрабандасына қарсы қауіпсіздік шараларды қамтамасыз етуден басқа жағдайларда кез келген Келісуші Жақтың аумағы арқылы тікелей өтетін және осы мақсаттарға арналған әуежай аумағынан шықпайтын жолаушыларға, багажға жүк пен поштаға тек бақылаудың жеңілдетілген түрлері ғана қолданылады.

2. Келісуші Жақтың аумағы арқылы тікелей транзитпен өтетін багаж, жүк және пошта кедендік баж салықтарынан, жарнамаларды және келу мен кетуге байланысты қызмет жасау құқына негізделмеген басқа осы сияқты алымдарды төлеуден босатылады.

8-бап

Тасымалдаулар көлемінің реттелуі

1. Келісуші Жақтардың тағайындалған авиакәсіпорындарына осы Келісімнің Қосымшасында белгіленген кез келген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдаланудың қолайлы да теңдес жағдайлары жасалатын болады.

2. Келісілген әуе жолдарын пайдалану кезінде Келісуші Жақтардың әрқайсысының тағайындалған авиакәсіпорны екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорнының мүддесін еске ала отырып, соңғы авиакәсіпорны осы маршрут бойынша немесе оның бір бөлігінде тасымал атқарғанда оған зиян келтірмеуге тиісті.

3. Келісуші Жақтардың тағайындалған авиакәсіпорындары қызмет атқаратын келісілген әуе жолдары - өздерінің бірінші кезектегі міндеті ретінде авиакәсіпорынды тағайындаған Келісуші Жақтардың аумағынан келетін немесе аумағына баратын жолаушыларды, жүкті және поштаны осы кездегі тасымалдауларға және оларға негізделіп болжамдалған тасымалдауларға деген мұқтаждыққа теңдестіріп, ақылға сыйымды қылып тиелген осындай тасымалдаулар көлемін қамтамасыз етуі тиіс.

4. Осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген үшінші елдердің пункттерінен немесе маршруттардың пункттерінен келетін немесе оларға арналған жолаушыларды, жүкті және поштаны халықаралық тасымалдаулар кезінде келісілген әуе жолдарында тиеу немесе түсіру құқығы халықаралық әуе қозғалысын тәртіпке келтірудің жалпы принциптеріне сәйкес жүзеге асатын болады және тасымалдаулар көлемі бас принципке сәйкес келетін мыналарға байланысты болады:

а) жөнелтуші ел мен тасымалдаудың ақырғы бағытындағы елдер арасындағы тасымалдауға деген мұқтаждықтан;

б) трансфертті тасымалдауларға деген мұқтаждықтан;

с) жергілікті және аймақтық әуе жолдарын есепке ала отырып, келісілген әуе жолдары өтетін аудандар арқылы тасымалдауларға деген мұқтаждықтан.

9-бап

Қозғалыстың кестесін бекіту

1. Бір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорны екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының бекітуіне өзінің қозғалыс кестесін (жазғы және қыс кезеңдерде) әуе жолдарын пайдалануды бастардан ең кем дегенде отыз (30) күн бұрын ұсынады. Бұл кесте маршруттар кестесін, ұшулардың жиілігін және пайдаланылатын ұшақтардың түрін қамтитын болады. Авиациялық билік орындарының тиісті авиакәсіпорындары өздерінің қозғалыс кестелерін бекітуге ұсынған күннен кейінгі жиырма (20) күннің ішінде ұсынылған қозғалыс кестелері бойынша өздерінің шешімдері туралы бір-біріне хабарлайды.

2. Бір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнымен екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарына ұсынылған қосымша ұшуларды жүзеге асыруға рұқсат сұрауы сияқты қозғалыс кестесінің әрбір өзгерістері де бекітуге ұсынылады. Осындай өзгертулер немесе қосымша ұшулар бойынша сұраныстар авиациялық билік орындармен дер кезінде қаралуға тиіс.

10-бап

Статистикалық ақпарат

Бір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының сұрауы бойынша оларға бірінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнымен екінші Келісуші Жақтың аумағына немесе аумағынан келісілген әуе жолдары арқылы жүзеге асырылатын тасымалдауларға қатысты, әрі әдеттегідей дайындалып олардың ұлттық авиациялық билік орындарына ұсынылуы мүмкін мына ақпараттар мен статистикалық хабарларды береді.

11-бап

Тарифтер

1. Кез келген келісілген әуе жолдарындағы тарифтер пайдалану шығындарын, ақылға сыйымды табысты, әуе жолдарының сипаттамасын (жылдамдық пен жайлылық сияқты), тұтынушылардың мүдделерін және белгіленген маршруттың кез келген учаскесіндегі басқа авиакәсіпорындардың тарифтерін қоса есептегенде тиісті төлеуге жататын барлық факторларды есепке ала отырып ақылға сыйымды мөлшерде белгіленетін болады. Осындай тарифтер осы баптың төмендегі ережелеріне сәйкес белгіленетін болады.

2. Осы баптың 1 тармағындағы ескертілген тарифтер әрбір белгіленген маршрутқа қатысты мүдделі тағайындалған авиакәсіпорындар арасында келісілуі мүмкін. Дегенмен авиакәсіпорындар арасындағы кеңесулер құжаттарды беру мен тарифтерді

белгілеудің міндетті шарты болып табылмайды.

3. Әрбір тариф екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының бекітуіне оларды ендірудің болжамдалған күніне дейінгі отыз (30) күннің ішінде (немесе екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының келісуі болатын ең қысқа мерзімде) ұсынылатын болады.

4. Әрбір ұсынылатын тариф кез келген Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарымен кез келген уақытта бекітілуі мүмкін. Егер құжат берілген күннен кейінгі жиырма (20) күннің ішінде осы Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарына ұсынылған тарифке қарсылығы жөнінде жазбаша мәлімдеме жасамаған болса, осындай шешімнің жоқтығы Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының келісімі есебінде бағаланатын болады. Дегенмен, егер авиациялық билік орындардың кез келгені бас тартқаны жөнінде осындай жазбаша мәлімдеме ұсынса, онда авиациялық билік орындары Жақтардың кез келгенінің өтініші бойынша өзара уағдаластықпен тариф мөлшерін анықтауға тырысуы мүмкін.

5. Егер авиациялық билік орындары осы баптың 4 тармағына сәйкес өзара уағдаластық бойынша тариф мөлшерін анықтай алмауы мүмкін болса, онда Жақтардың кез келгенінің сұрауы бойынша осы Келісімнің 18-бабына сәйкес дау-дама реттелуі мүмкін.

6. Осы баптың ережелеріне сәйкес белгіленген әрбір тариф осы баптың ережелеріне сәйкес анықталған жаңа тарифпен ауыстырылғанға дейін өз күшінде қалатын болады. Екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының арасында басқа уағдаластық жас болса, онда осы тармаққа сай тарифтің пәрменді мерзімі біткен күннен бастап он екі (12) айдан артық оның пәрменді мерзімі созылмайды.

12-бап

Тең жағдайдағы бәсекелестік

1. Осы Келісімнің аясындағы халықаралық әуе тасымалдауларға қатысу үшін екі Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорындарына қолайлы және тең мүмкіндік болуы тиіс.

2. Әрбір Келісуші Жақ қажет болған жағдайда екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының бәсекелестік қабілетіне зиян келтіретін барлық кемсітушілік немесе теңсіз бәсекелестік тәжірибені жою мақсатында өз заңдарының шеңберінде барлық тиісті шараларды қолданатын болады.

13-бап

Коммерциялық қызмет

1. Әрбір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорны өз заңдары мен ережелерінің шеңберінде екінші Келісуші Жақтың аумағында мүдделі тағайындалған авиакәсіпорынға қажет болуы мүмкін әкімшілік, коммерциялық және техникалық персоналдары және ғимараттарды ұстауға құқығы бар.

2. Келісуші Жақтардың тағайындалған авиакәсіпорындары екі Келісуші Жақтың аумағында авиакөліктік қызметтерді көрсету кезінде тікелей немесе агенттер арқылы өздерінің меншікті көліктік құжаттарын кез келген валютаға сатуды шектемейтін болады.

14-бап

Әуе тасымалдауларына алымдар алу

Кез келген Келісуші Жақтың аумағында екінші Келісуші Жақтың кез келген авиакәсіпорнының әуе кемелеріне уәкілденген билік орындарымен әуежайлар мен басқа аэронавигациялық құралдарды пайдаланғаны үшін салынатын жарналар мен алымдар халықаралық тасымалдауларды жүзеге асырушы ұлттық авиакәсіпорындардың әуе кемелеріне салынатын алымдардан жоғары болмауы тиіс. Осындай жарнамалар мен алымдар ақылға сыйымды болып, дұрыс экономикалық принциптерге негізделуі тиіс.

15-бап

Қаржыларды аудару

1. Сату жүзеге асқан аумақта Келісуші Жақтардың тағайындалған авиакәсіпорындары түскен пайда мен шығынның айырмасын аударуға құқығы бар. Аударуды күтіп, осы табыстарды жылма-жылғы депозитке салғаннан түскен проценттер сияқты, тікелей немесе агенттер арқылы осындай сатуларға қатысты көмекші немесе қосымша қызметтерді қоса есептегенде әуе тасымалдауларының құжаттарын сатудан түскен пайда осындай таза табыс түрінде аударылады.

2. Осындай аударулар валютаның ресми айырбастау бағамы бойынша еркін конверсияланатын валютамен жүзеге асырылады және ешқандай шектеуге, мерзімін ұзартуға немесе өзгертуге жатпайды.

3. Егер Келісуші Жақтар арасында төлем жүйесі бойынша арнайы келісімдер бекітілген болса, онда осы арнайы келісімді қолдану қажет.

16-бап

Авиациялық қауіпсіздік

1. Келісуші Жақтар халықаралық ережелерден туындайтын өздерінің құқықтары мен міндеттеріне сәйкес азаматтық авиацияны заңсыз күш көрсету актілерінен қорғауға

қатысты бір-бірінен алған міндеттемелерді осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады дегенді растайды. Халықаралық ережелерде көрсетілген құқықтары мен міндеттерінің жалпылама қолданысымен шектеліп қоймай, Келісуші Жақтар, сонымен бірге 1963 жылғы 14 қыркүйекте Токиода қол қойылған әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар мен кейбір басқа актілер туралы Конвенцияның 1970 жылғы 16 желтоқсанда Гаагада қол қойылған әуе кемелерін заңсыз басып алуға тойтарыс беру жөніндегі Конвенцияға, және 1971 жылғы 23 қыркүйекте Монреальда қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы жасалатын заңсыз актілермен күресі туралы Конвенцияға сәйкес іс-әрекет жасайтын болады.

2. Келісуші Жақтар өтініш бойынша әуе кемелерін заңсыз басып алу мен әуе кемелерінің қауіпсіздігіне, олардың жолаушылары мен экипаждарына, әуежайлар мен аэронавигациялық құралдарға, сондай-ақ басқа кез келген азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге жол бермеу үшін бір-біріне барлық қажетті көмекті көрсетіп отыратын болады.

3. Келісуші Жақтар Халықаралық азаматтық авиация ұйымымен және халықаралық азаматтық авиация туралы Чикаголық Конвенцияның Қосымшасымен белгіленген авиациялық қауіпсіздік бойынша ережелерге және техникалық шарттарға сәйкес осындай қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптар Келісуші Жақтарға қандай дәрежеде қолданымды болса, соншалықты іс-әрекет жасайтын болады. Келісуші Жақтар әуе кемелеріне қызмет атқаратын, қызмет орнымен тұрақты мекен-жайы өз аумағында болатын персоналдар мен өз аумағындағы халықаралық әуежайларда қызмет ететін персоналдардан осындай авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге сәйкес іс-әрекет жасауларын талап ететін болады.

4. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың аумағы шеңберіне ұшып бару, онда болу және одан ұшып кету үшін қажетті осы баптың 3 тармағында айтылған авиация қауіпсіздігі туралы ережелер мен талаптардың толық орындалуын сол әуе кемелеріне қызмет көрсететін персоналдардан екінші Келісуші Жақ талап ете алады дегенге келіседі. Әрбір Келісуші Жақ өз аумағы шеңберінде әуе кемелерін қорғау үшін және жолаушыларды, экипажды, қол жүктерін, багажды, жүкті және борттық қорларды тиеуден бұрын, әйтпесе сол отырғызу-тиеу кездерінде тексеру үшін қажетті шаралардың ұтымды қолданылуын қамтамасыз ететін болады. Сонымен қатар, әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың нақтылы қатерге байланысты арнайы шара қолдануы туралы кез келген өтінішін зор ықыласпен қарайтын болады.

5. Әуе кемесін заңсыз басып алуға байланысты немесе әуе кемесінің сондағы жолаушылар мен экипаждың, әуежайлар немесе аэронавигациялық құралдарға қарсы бағытталған заңсыз актілер пайда болған жағдайда Келісуші Жақтар өзара байланысты жеңілдету арқылы және ондай қақтығыстарды немесе қақтығыс қатерін тез және қауіпсіз түрде жою мақсатында басқадай тиісті шаралар қолдану арқылы бір-біріне көмектесіп отырады.

17-бап

Кеңесулер

Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындары осы Келісімнің ережелерін орындау мен келісу үшін тығыз ынтымақтастық рухта мезгіл-мезгіл бір-бірімен кеңесулер жүргізетін болады.

18-бап

Дау-дамаларды реттеу

1. Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдануға байланысты Келісуші Жақтардың арасында туындаған кез келген дау-даманы Келісуші Жақтар ең бірінші келіссөздер жүргізу жолымен шешуге тырысатын болады.

2. Егер Келісуші Жақтар дау-даманы келіссөздер арқылы реттей алмаса, онда дауды қандай болса да бір жеке немесе заңды тұлғаның қарауына тапсыруға құқықты. Егер Жақтар осымен келіспесе, онда дау-дама Келісуші Жақтардың кез келген бірінің өтініші бойынша үш төреші сотына тапсырылады, оларды әрбір Келісуші Жақ бір-бірден тағайындайды, ал үшінші төреші осылайша уәкілдік алған алғашқы екі төрешімен тағайындалады.

Әрбір Келісуші Жақ дау-даманы Төрелік сотқа тапсыру туралы мәлімдемені Келісуші Жақтардың әрқайсысы дипломатиялық арналар бойынша алған күннен кейінгі алпыс (60) күннің ішінде төрешіні тағайындайды; үшінші төреші қалған алпыс (60) күннің ішінде тағайындалады. Егер Келісуші Жақтардың кез келгені аталмыш кезеңнің ішінде төрешіні тағайындай алмаса, онда Келісуші Жақтардың кез келген бірінің өтініші бойынша Халықаралық азаматтық авиация ұйымдар Кеңесінің Президенті төрешіні немесе қажет болған жағдайда төрешілерді тағайындайды. Барлық жағдайларда да үшінші төреші үшінші мемлекеттің азаматы болуы тиіс және төрелік сот Төрағасының өкілдігін жүзеге асыратын болады.

3. Келісуші Жақтар осы баптың 2 тармағына сәйкес қабылданған кез келген шешімді орындайтын болады.

4. Келісуші Жақтар төрелік жүргізу шығынын тең шығарады.

19-бап

Түзетулер

1. Егер Келісуші Жақтардың кез келгені осы Келісімнің кез келген ережесін өзгерту қажет деп есептесе, онда ол екінші Келісуші Жақпен кеңесуге құқығы бар. Осындай кеңесулер сұраным түскен күннен кейінгі алпыс (60) күннің ішінде басталуы тиіс, егер екі Келісуші Жақпен осы мерзім әлде де созылады деп келісілмеген болса. Осындай

кеңесу барысында келісілген кез келген өзгертулер әрбір Келісуші Жақтың құқықтық процедураларына сәйкес бекітілетін болады және осы процедуралар біткені туралы Келісуші Жақтар бір-біріне мәлімдегеннен кейінгі екінші айдың бірінші күні өз күшіне енетін болады.

2. Осы баптың 1 тармағындағы ережелерге қарамастан тек Қосымшаға байланысты түзетулер Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының арасында келісілуі мүмкін және олардың келісімі бойынша күшіне енгізіледі.

20-бап

Келісім күшінің тоқтатылуы

1. Кез келген Келісуші Жақ осы Келісімнің орындалуын тоқтатқаны туралы өз шешімін екінші Келісуші Жаққа кез келген уақытта мәлімдеуге құқығы бар. Бір мезгілде осындай мәлімдеме Халықаралық азаматтық авиация ұйымына тапсырылады.

2. Бұл жағдайда осы Келісімнің күші екінші Келісуші Жақ мәлімдеме алған күннен кейінгі он екі (12) айдан кейін тоқтатылады. Егер екінші Келісуші Жақпен мәлімдеме алғаны туралы расталмаса, онда Халықаралық азаматтық авиация ұйымы дәл осындай мәлімдеме алған күннен кейінгі он төртінші (14) күні мәлімдеме алынған деп есептелетін болады.

21-бап

Көпжақтылық конвенциялар

Егер жалпылама қабылданған көпжақты әуе Конвенциясы екі Келісуші Жаққа қатысты күшіне енсе, онда осы Конвенцияның ережелері үстем болады. Осы Келісімнің 17-бабына сәйкес аталмыш көпжақты Конвенцияның осы Келісімге әсерінің дәрежесін анықтау мақсатында кеңесулер жүргізілуі мүмкін.

22-бап

Халықаралық азаматтық авиация ұйымында тіркеу

Осы Келісім және оған кез келген өзгертулер Халықаралық азаматтық авиация ұйымының Кеңесінде тіркеледі.

23-бап

Күшіне енуі

Келісуші Жақтар дипломатиялық арналар бойынша осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті процедуралар біткені туралы бір-біріне хабарланғаннан кейінгі екінші айдың бірінші күні осы Келісім күшіне енеді.

Өздерінің тиісті Үкіметтерімен қажетті үлгіде осыған уәкілденген төмендегі қол қоюшылар баяндалғанды растап, осы құжатқа қол қойды.

1996 жылғы 7 ақпанында, Алматы қаласында екі дана болып, әрқайсысы қазақ және ағылшын тілдерінде, әрі барлық текстілердің күші бірдей жасалды. Егер дау-дама туындаған жағдайда ағылшын тексті үстемшілік алатын болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Финляндия Республикасының

Үкіметі үшін

Қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия

Республикасы Үкіметінің арасындағы әуе қатынасы

туралы Келісімге

1. Қазақстанның тағайындалған авиакәсіпорнымен екі бағытта пайдаланылуы
м ү м к і н м а р ш р у т т а р ы :

Жөнелту	Аралық	Финляндиядағы	Тысқары
пункттері	пункттері	пункттер	пункттер
Қазақстандағы	Кез келген	Финляндиядағы	Кез келген
пункттер	пункттер	пункттер	пункттер

Барлық қызметтер Қазақстанда басталып, аяқталған жағдайда кез келген немесе барлық ұшулар кезінде тағайындалған авиакәсіпорынның қалауымен аталмыш маршруттарда кез келген пункт немесе пункттері алып тасталуы мүмкін.

2. Финляндияның тағайындалған авиакәсіпорнымен екі бағытта пайдаланылуы
м ү м к і н м а р ш р у т т а р ы :

Жөнелту	Аралық	Финляндиядағы	Тысқары
пункттері	пункттері	пункттер	пункттер
Финляндиядағы	Кез келген	Қазақстандағы	Кез келген
пункттер	пункттер	пункттер	пункттер

Барлық қызметтер Финляндияда басталып, аяқталған жағдайда кез келген немесе барлық ұшулар кезінде тағайындалған авиакәсіпорынның қалауымен аталмыш маршруттардың кез келген пункті немесе пункттері алып тасталуы мүмкін.

3. Ұшуларды орындауға берілетін бесінші дәрежедегі еркіндік құқықтары, егер Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының арасында осы құқықтардың пәрменділігі бойынша келісім бекітілген болса, онда осы құқықтардың жүзеге асуы мүмкін болады.

О қ ы ғ а н д а р :

Қ а с ы м б е к о в Б .

Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК